
 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ	
ИМЖ құжатының атауы:	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 1-беті
Өзірлеген құрылымдық бөлімше: корпоративтік хатшы қызметі	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілді (2020 жылғы «__» _____ № ____ хаттама)	

МАЗМҰНЫ:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	1
2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	2
3. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ.....	2
4. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ	3
5. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ.....	5
6. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА ҚАТЫСУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	5
7. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	5
8. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІН ЖӘНЕ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ	7
9. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КВОРУМЫ	10
10. ЕСЕП КОМИССИЯСЫ.....	10
11. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ӨКІЛДІК ЕТУ	11
12. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ҚАТЫСУ ТӘРТІБІМЕН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ.....	12
13. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ АРҚЫЛЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУЫ.....	14
14. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ДАУЫС БЕРУ	15
15. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ	18
16. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	19
17. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР	19
18. ҚОСЫМШАЛАР.....	19

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 2-беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы осы ереже «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) [1], Жарғыға [2] және Корпоративтік басқару кодексіне [3] сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау, шақыру және өткізу тәртібін айқындайды.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы өз қызметінде Заңды [1], Жарғыны [2], Корпоративтік басқару кодексін [3], осы Ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

4. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Жарғының [2] өзгеруі нәтижесінде осы Ереженің жекелеген нормалары оларға қайшы келетін болса, осы Ережеге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Жарғының нормаларын басшылыққа алу қажет.

5. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

6. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның барлық акционерлерінің бірдей қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР


7. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылды:

- 1) **акционер** – Қоғам акцияларының меншік иесі болып табылатын тұлға;
- 2) **Акционерлердің жалпы жиналысы** – Қоғамның жоғары органы;
- 3) **Басқарма** – Қоғамның атқарушы органы;
- 4) **Директорлар кеңесі** – Қоғамның басқару органы;
- 5) **орталық депозитарий** – акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және Қазақстан Республикасының аумағында депозитарлық қызметті және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу қызметін жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылатын мамандандырылған коммерциялық емес ұйым.

3. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

8. Қоғам жыл сайын Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын:

- 1) Директорлар кеңесі шақырады;
- 2) Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылады.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 3-беті

9. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезеңде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

10. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік бекітіледі;

2) Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері айқындалады;

3) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне арыздануы және оны қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады;

4) Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі бекітіледі.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғам акционерлеріне Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

11. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау мен өткізуді:

1) Басқарма;

2) Қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;

3) Директорлар кеңесі;

4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

12. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам көтереді.

4. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

13. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысынан басқа өткізілетін Акционерлердің өзге де жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

14. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

15. Егер Қоғам ерікті тарату үстінде болса, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

16. Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы, егер Қоғамның органдары Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы оның талаптарын орындамаса, Қоғамның ірі акционерінің талап етуі

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 4-беті

бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

17. Ірі акционердің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Директорлар кеңесіне Басқарманың орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады, онда осындай Жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

18. Директорлар кеңесі ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылатын Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге және күн тәртібі мәселелерінің тұжырымдамасына өзгерістер енгізуге құқылы емес.

Қойылған талаптарға сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру кезінде Директорлар кеңесі Жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

19. Егер Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап ірі акционер (акционерлер) тарапынан қойылған жағдайда, онда осындай жиналысты шақыруды талап ететін акционерлердің (акционердің) аттары (атаулары) және оған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуге тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ететін тұлға (тұлғалар) қол қояды.

20. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған тұлғаға Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру жөнінде не оны шақырудан бас тарту туралы қабылданған шешім жөнінде хабарлама жіберуге міндетті.

21. ірі акционердің талап етуі бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы Директорлар кеңесінің шешімі мынадай жағдайларда қабылдануы мүмкін:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап қоюдың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібі сақталмаса;

2) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмесе.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы Директорлар кеңесінің шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.

22. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде Директорлар кеңесі ұсынылған талап бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, оны шақыруды талап ететін тұлға Қоғамды Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 5-беті

5. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

23. Акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Жарғыға [2] сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өкілетті.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

25. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

6. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА ҚАТЫСУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

26. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесінің деректері негізінде Қоғамның орталық депозитарийі жасайды. Көрсетілген тізімді жасау күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрын белгілене алмайды.

Акционерлердің тізіміне енгізілуі тиіс мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

27. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі Қоғамның дауыс беретін акцияларын иеліктен айырған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

7. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

28. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа қатысуға құқығы бар тұлғалардың ең көп саны қатыса алатындай етіп белгіленуі тиіс.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысын қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналыстары Басқарманың орналасқан жері бойынша елді мекенде өткізіледі.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты және жиналысты өткізу уақыты Қоғамның есеп комиссиясына тіркеуді жүргізу, жиналысқа

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 6-беті

қатысушылардың санын есептеу және оның Кворумының болуын анықтау үшін уақыттың жеткіліктілігін қамтамасыз етуге тиіс.

29. Акционерлер Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей хабардар етілуге тиіс.

30. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлама Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған Қоғамның қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі – қаржылық есептілік депозитарийі) интернет-ресурсында, сондай-ақ Қоғамның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға тиіс.

Осы Ереженің 29-тармағында белгіленген мерзім хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған күннен бастап есептеледі.

31. Қатысу тәртібімен немесе аралас тәртіппен дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарламада мыналар қамтылуы тиіс:


- 1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталатын уақыты, сондай-ақ егер бірінші жиналыс өткізілмейтін болса, өткізілуі тиіс Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу күні мен уақыты;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен танысу тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;
- 8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге негіз болған Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормалары.

Аралас дауыс беру кезінде, Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада жоғарыда аталған ақпаратқа қосымша, бюллетендерді берудің соңғы күні көрсетіледі.

Қатысу тәртібімен дауыс беру арқылы шешім қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы ұсынылатын хабарлама нысаны осы Ереженің 1-қосымшасында көзделген.

32. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарламада мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 7-беті

2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;

4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;

4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеуге арналған бюллетендерді берудің басталатын және аяқталатын күні;

5) сырттай дауыс беру нәтижелерін санау күні;

6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

7) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен танысу тәртібі;

8) дауыс беруді өткізу тәртібі;

9) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге негіз болған Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормалары.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы ұсынылатын хабарлама нысаны осы Ереженің 2-қосымшасында көзделген.

33. Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге жүгінуге құқылы.

Миноритарлық акционердің өтініш білдіру және Орталық депозитарийдің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі Орталық депозитарийдің ережелер жинағымен белгіленеді.

34. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысын өткізу Акционерлердің бастапқы (өтпей қалған) жалпы жиналысын өткізудің белгіленген күнінен кейінгі келесі күннен ерте тағайындала алмайды.

35. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы сол өтпей қалған жерде өткізіледі.

Акционерлердің қайталама жалпы жиналысының күн тәртібі Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуге тиіс.

8. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІН ЖӘНЕ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

36. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға ұсынылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесі қамтылуға тиіс. Күн тәртібінде ұғымы кең сөз өрнектерін, соның ішінде «әртүрлі», «өзге», «басқа» және осыған ұқсас сөздерді пайдалануға тыйым салынады.

37. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысын ашқан кезде Директорлар кеңесі (корпоративтік хатшы) күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

38. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған дауыс беретін акциялардың жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

39. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне мыналар енгізілуі мүмкін:

1) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентін дербес немесе басқа акционерлермен жиынтығында иеленетін акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар – Қоғам акционерлеріне осындай толықтырулар туралы жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірмей хабарланған жағдайда;

2) өзгерістер және (немесе) толықтырулар – егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде 95 (тоқсан бес) процентін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін дауыс берсе.

Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылданатын кезде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

40. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

41. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпарат қамтылуы тиіс.

Қоғамның корпоративтік хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы болып табылады.

Корпоративтік хатшы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысына тиісті шешім жобасын ұсынуы тиіс.

42. Егер Акционерлердің жалпы жиналысының ұсынылып отырған күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, акционер Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидаттар ұсынуға құқылы, олардың саны Директорлар кеңесінің сандық құрамынан аспауға тиіс. Қоғамға мұндай ұсыныстар күн тәртібіне Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы акционерлерге хабарланған күннен бастап 15 (он бес) күн ішінде келіп түсуі тиіс.

43. Қоғам органдарын (Директорлар кеңесін) сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмыс орындары және атқарған қызметтері туралы мәліметтер;

5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын кандидат қандай акционердің өкілі болып табылатыны немесе ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табыла ма, жоқ па екені көрсетілуге тиіс. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат акционер болса не Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлға болса, онда бұл мәліметтер де акционерлердің тізімін қалыптастыру күнгі акционердің Қоғамның дауыс беретін акцияларын иелену үлесі туралы деректермен қоса, материалдарда көрсетілуі тиіс.

44. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі;

2) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есептер;

3) Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы бір жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсыныстары;

4) Акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне арыздану мәселесі және оны қарау қорытындылары бойынша материалдар;

5) Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі;

6) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің бастамашысының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

45. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар жиналысты өткізу күніне дейін 10 (он) күннен кешіктірмей акционерлердің танысуы үшін Басқарманың орналасқан жері бойынша дайын және қолжетімді болуы тиіс, ал акционер сұратқан кезде – сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жіберілуі тиіс; құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығыстарын акционер көтереді.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 10-беті

9. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КВОРУМЫ

46. Акционерлердің жалпы жиналысы, егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (барлық бюллетендерді ұсыну күні не Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде бюллетендерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығында 50 (елу) және одан да көп процентін иеленетін акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға құқылы.

47. Өтпей қалғанның орнына өткізілетін Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы мынадай жағдайларда, күн тәртібінің мәселелерін қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы:

1) кворум болмау себепті өтпеген Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығында қырық және одан да көп процентін иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелсе.

48. Акционерлерге сырттай дауыс беруге арналған бюллетендер жіберілген жағдайда, аталған бюллетендермен ұсынылған және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу сәтінде Қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы қайта өткізілмейді.


10. ЕСЕП КОМИССИЯСЫ

49. Егер акционерлердің саны жүз және одан көп болса, есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады.

Егер Қоғам акционерлерінің саны жүзден кем болса, есеп комиссиясының функцияларын Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады. Есеп комиссиясының функцияларын Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында Орталық депозитарий жүзеге асырады.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының функциялары орталық депозитарийге жүктелуі мүмкін.

50. Есеп комиссиясы кемінде үш адамнан тұруы тиіс. Есеп комиссиясына Басқарма мүшелері, сондай-ақ Қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға кіре алмайды.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 11-беті

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде есеп комиссиясының мүшесі бар болмаған жағдайда, жиналыс өткізу кезінде есеп комиссиясының мүшесін қосымша сайлауға рұқсат етіледі.

51. Есеп комиссиясы:

1) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген тұлғалардың өкілеттіктерін тексереді;

2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар береді;

3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетендердің жарамдылығын анықтайды және жарамды бюллетендердің санын және күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша оларда көрсетілген дауыстарды есептейді;

4) Акционерлердің жалпы жиналысы кворумының болуын, оның ішінде жиналысты өткізудің бүкіл уақыты ішінде кворумның болуын анықтайды және кворумның бар не жоқ екені туралы хабарлайды;

5) Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;

6) Акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды есептейді және дауыс берудің қорытындысын шығарады;

7) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды;

8) Қоғамның архивына дауыс беруге арналған бюллетендерді және дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы береді.

52. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған толтырылған бюллетендердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

11. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ӨКІЛДІК ЕТУ

53. Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Басқарма мүшелерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Өкілдік ету Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулар берілген сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

54. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 12-беті

білдіруге құқығы бар тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

12. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ҚАТЫСУ ТӘРТІБІМЕН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

55. Акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беруге қатысу үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар тұлға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген күндері мен сағаттарда ресми тіркеуден өтуі тиіс.

Келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге оның өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсынуы тиіс.

Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына Басқарма мүшелері қатысуы тиіс, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелері және шақырылған тұлғалар да қатыса алады. Шақырылған адамдар жиналыс төрағасының рұқсатымен Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеуге құқылы.

Тіркеуді жүзеге асыру үшін акционер есеп комиссиясына акционер өкілінің қатысуымен, жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді, акционердің өкілі есеп комиссиясына жеке басын куәландыратын құжатты, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге оның өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсынады.

Есеп комиссиясы акционерлердің жеке басын және акционерлер өкілдерінің өкілеттігін, олардың Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміне сәйкестігін куәландыратын құжаттарды тексеруді жүзеге асырады.

Қатысушы тұлғалардың өкілеттіктері расталған жағдайда, есеп комиссиясының мүшелері жиналысқа қатысушыларды тіркеу журналын, дауыс беруге арналған бюллетендерді толтырады және акционерлерге (акционердің өкілдеріне) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар мен Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған бюллетендерді береді.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеуді аяқтау қорытындылары бойынша есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысы кворумының бар-жоғын анықтайды.

Аралас дауыс беру арқылы шешім қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетендері ескеріледі.

Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына келген акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.

Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Егер дауыс беруге арналған бюллетенді бұрын жіберген акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның бұрын жіберілген бюллетені Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санау кезінде ескерілмейді.

56. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум бар болған кезде жарияланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп, хабардар етіліп, жиналыстың ашылу уақытының өзгеруіне қарсы болмаған жағдайды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан бұрын ашыла алмайды.

Егер жиналыс басталғаннан кейін 1 (бір) сағат ішінде кворум болмаса, онда жиналыс жиналыс өткізу туралы хабарламада көрсетілген Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу күні мен уақытына ауыстырылады.

Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы осы Ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі.

57. Акционерлердің жалпы жиналысы төрағаны (төралқаны) сайлауды өткізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысанын - ашық немесе жасырын (бюллетендер бойынша) дауыс беру нысанын айқындайды. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (Төралқасын) сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру «1 (бір) акция - 1 (бір) дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады, ал шешім дауыс беруге қатысып отырған және қатысуға құқығы бар Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Жиналысқа қатысқан барлық акционерлер Басқарма құрамына кіретін жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

58. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін және жұмыс регламентін, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз сөйлеу мен баяндамалардың кезектілігін жариялайды.

Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді.

Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша баяндамалар үшін сөз береді, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылаудың аяқталып, дауыстарды санаудың басталуы туралы хабарлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралатын мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төрағаның күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөз сөйлеу Акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, кедергі жасауға құқығы жоқ.

59. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

60. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралғаннан және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.

61. Корпоративтік хатшы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді.


13. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ АРҚЫЛЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУЫ

62. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен қолданылуы мүмкін.

63. Осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған сырттай дауыс беруге арналған бюллетень қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарламамен бірге қоғамның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

64. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы ақпарат;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді берудің соңғы күні;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының жабылу күні;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың аттары;

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 15-беті

7) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;

8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нұсқалары «жақтап дауыс бергендер», «қарсы дауыс бергендер», «қалыс қалғандар» деген сөздермен беріледі;

9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетенді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі.

65. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционер - жеке тұлға (акционер - жеке тұлғаның өкілі) осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып, қол қоюға тиіс.

Акционер - заңды тұлғаның сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы (акционер - заңды тұлғаның өкілі) қол қоюға тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционердің өкілі қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционер өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Акционер - жеке тұлғаның не акционер - заңды тұлғаның басшысының немесе акционер - жеке тұлға өкілінің не акционер - заңды тұлға өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Дауыстарды санау кезінде акционер (акционердің өкілі) бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша берілген дауыстар ескеріледі.

66. Егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде жекелеген кандидаттар үшін берілген дауыстардың санын көрсететін жолдар болуға тиіс.

67. Егер Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде тиісті түрде толтырылған бюллетендер барлық акционерлерден дауыстарды санаудың белгіленген күнінен бұрын келіп түссе, онда дауыстарды ертерек күнмен есептеуге жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

14. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ДАУЫС БЕРУ

68. Мынадай жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «1 (бір) акция - 1 (бір) дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда 1 (бір) акционерге берілетін акциялар бойынша ең жоғары дауыс саны шектелгенде;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру өткізілгенде;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша 1 (бір) дауыс берілгенде.

69. Кумулятивтік дауыс беру кезінде акциялар бойынша берілетін дауыстарды акционер Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін толық беруі немесе Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруі мүмкін. Ең көп дауыс саны берілген кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланды деп танылады.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, тең дауыс санын жинаған кандидаттар көрсетіле отырып, акционерлерге кумулятивтік дауыс беру бюллетендерін ұсыну арқылы бұл кандидаттарға қатысты қосымша кумулятивтік дауыс беру жүргізіледі.

Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінде мынадай бағандар болуы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар тізбесі;
- 2) акционерге тиесілі дауыстардың саны;
- 3) акционердің Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат үшін берген дауыстарының саны.

Кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетенге «қарсы» және «қалыс қалған» деген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

70. Егер Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылған жағдайда, мұндай дауыс беруге арналған бюллетендер (бұдан әрі – қатысу тәртібімен жасырын дауыс беруге арналған бюллетендер) дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жеке мәселе бойынша жасалуға тиіс. Бұл ретте қатысу тәртібімен жасырын дауыс беруге арналған бюллетенде мыналар болуға тиіс:

1) мәселенің тұжырымдамасы немесе оның жиналыстың күн тәртібіндегі реттік нөмірі;

2) мәселе бойынша дауыс берудің «жақтап дауыс бергендер», «қарсы дауыс бергендер», «қалыс қалғандар» деген сөздермен берілген нұсқалары немесе Қоғам органдарына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстардың саны.

71. Акционер бюллетенге өзі қол қоюға ниет білдірген жағдайды қоспағанда, соның ішінде Қоғамға Заңға [1] сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап қою мақсатында, акционер жасырын дауыс беруге арналған бюллетенге қол қоймайды.

Қатысу тәртібімен жасырын дауыс беруге арналған бюллетендер бойынша дауыстарды санау кезінде дауыс беруші бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

72. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тіркеу кезінде есеп

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 17-беті

комиссиясы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша берген ашық дауыс беруге арналған бюллетендермен де жүзеге асырылуы мүмкін.

Ашық дауыс беруге арналған бюллетень:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты өткізу күні;
- 3) акционердің аты-жөні (атауы);
- 4) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нұсқалары «жақтап дауыс бергендер», «қарсы дауыс бергендер», «қалыс қалғандар» деген сөздермен беріледі;
- 6) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетенді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі.

73. Есеп комиссиясының мүшелері күн тәртібінің әрбір мәселесін қарау қорытындылары бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын акционерлердің/акционерлердің өкілдерінің бюллетендерін жинауды жүзеге асырады және әрбір мәселе бойынша дауыстарды есептеуді жүзеге асырады.

74. Дауыс беру кезінде (кумулятивтік дауыс беруден басқа) дауыс берудің мүмкін болатын нұсқаларының біреуі ғана қалдырылатын мәселелер бойынша берілген «жақтап дауыс бергендер», «қарсы дауыс бергендер», «қалыс қалғандар» деген дауыстар есептеледі.

75. Жоғарыда көрсетілген талап бұзылып толтырылған дауыс беруге арналған бюллетендер жарамсыз деп танылады және ондағы мәселелер бойынша дауыстар есептелмейді.

76. Есеп комиссиясы бюллетендерді жинау қорытындылары бойынша кворумның бар-жоғын анықтайды және Акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды есептеп, дауыс беру қорытындысын шығарады.

77. Дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасап, оған қол қояды.

Акционердің дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда, есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін, хаттама жасауға негіз болған толтырылған бюллетендер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер де) хаттамамен бірге тігіліп, Қоғамда сақталады.

78. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.

79. Дауыс беру қорытындылары дауыс беру өткізілген Акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

80. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қаржылық есептілік

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 18-беті

депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

15. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

81. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы тиіс.

82. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында мыналар көрсетіледі:

- 1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәлімет;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Төраға (Төралқа) және корпоративтік хатшы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөйлеген сөздері;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалар саны;
- 10) Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беруге қойылған күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 11) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 12) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

83. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына мыналар қол қоюға тиіс:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) және корпоративтік хатшы;
- 2) есеп комиссиясының мүшелері.

Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясы мүшелері қол қоюға тиіс.

84. Осы Ереженің 83-тармағында көрсетілген адамдардың қайсыбірі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, осы тұлға бас тарту себебін

жазбаша түсіндіре отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, түсініктеме хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

85. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен, дауыс беруге арналған бюллетендермен және хаттамаға қол қоймаған адамдардың хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептері туралы жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар Басқармада сақталуы және акционерлерге танысу үшін кез келген уақытта ұсынылуы тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

16. ЖАУАПКЕРШІЛІК


86. Корпоративтік хатшы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыру, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауапты болады.

87. Есеп комиссиясының мүшелері дауыс беру нәтижелерін өңдеу (дауыстарды санау және хаттамаларды толтыру) барысында алынған құпия ақпараттың жария етілгені үшін жауапты болады.

17. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР*

[1]	«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы
[2]	Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі отырысының 2012 жылғы 19 қазандағы № 8/2012 хаттамасы) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының жарғысы
[3]	Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының 2016 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№3/2016 отырыс хаттамасы) бекітілген Корпоративтік басқару кодексі

*Осы Ережені пайдалану кезінде ағымдағы жылғы жағдайы бойынша сілтеме құжаттардың қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы Ережені пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз алынып тасталған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

**18. ҚОСЫМШАЛАР**

1-қосымша (ұсынылатын)	Қатысу тәртібімен дауыс беру арқылы шешім қабылданатын «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық/кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлама нысаны
2-қосымша (ұсынылатын)	Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданатын «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық/кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлама нысаны
3-қосымша (ұсынылатын)	«ҚазТрансОйл» АҚ акционерінің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетень нысаны



Ереже

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы
туралы ереже

ҚТО-Р99-Ереже-5.2

27 беттің 21-беті

1-қосымша
(ұсынылатын)**Қатысу тәртібімен дауыс беру арқылы шешім қабылданатын
«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық/кезектен тыс жалпы
жиналысы өткізілетіні туралы
ХАБАРЛАМА**

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы («ҚазТрансОйл» АҚ атқарушы
органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы,

_____)
_____ (құжаттың деректемелері көрсетіледі) шешім/хат
негізінде «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық/кезектен тыс жалпы
жиналысы (бұдан әрі – Жалпы жиналыс) шақырылатыны туралы хабарлайды.

Жалпы жиналысты шақырудың бастамашысы _____.

Жалпы жиналыс 20__ жылғы «__» _____ сағ. _____ мин.
_____ мекенжайында өтеді.

Акционерлерді тіркеудің басталуы – 20__ жылғы «__» _____ сағ. _____ мин.

Аяқталуы – 20__ жылғы «__» _____ сағ. _____ мин.

Кворум болмаған жағдайда Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы
20__ жылғы «__» _____ сағ. _____ мин.
_____ мекенжайында өтеді.

Акционерлерді тіркеудің басталуы – __ сағ. __ мин. Аяқталуы – __ сағ. __ мин.

Жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау
күні – 20__ жылғы «__» _____.


Егер Жалпы жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар
акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға
«ҚазТрансОйл» АҚ өзіне тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырған
жағдайда, Жалпы жиналысқа қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл
ретте жаңа акционер акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттарды
ұсынуы тиіс.

Жалпы жиналыстың күн тәртібі:

1. _____ (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
2. _____ (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
3. _____ (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).

Акционерлер Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша
материалдармен 20__ жылғы «__» _____ сағ. _____ мин.

_____ мекенжайында, сондай-ақ «ҚазТрансОйл»
АҚ интернет-ресурсында – www.kaztransoil.kz таныса алады.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 22-беті

Жалпы жиналысты өткізу тәртібі:

Жалпы жиналысқа дауыс беруге қатысу үшін Жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар адам осы хабарламада көрсетілген күндер мен сағаттарда ресми тіркеуден өтуге тиіс;

Жалпы жиналыс ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі Жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге оның өкілеттігін растайтын, белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхатты және өкілдің жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға үшін Жалпы жиналысқа қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді. Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ;

Жалпы жиналысқа шақырылған адамдар қатыса алады, бұл ретте мұндай адамдар жиналыс төрағасының рұқсатымен Жалпы жиналыста сөз сөйлеуге құқылы;

Жалпы жиналыс кворум бар болған кезде жарияланған уақытта ашылады;

Жалпы жиналыс төрағаны (төралқаны) сайлауды өткізеді және дауыс беру нысанын - ашық немесе жасырын (бюллетендер бойынша) дауыс беру нысанын айқындайды. Жалпы жиналыстың төрағасын (Төралқасын) сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру «1 (бір) акция - 1 (бір) дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады, ал шешім дауыс беруге қатысып отырған және қатысуға құқығы бар «ҚазТрансОйл» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады;

«ҚазТрансОйл» АҚ Корпоративтік хатшысы Жалпы жиналыстың хатшысы болып табылады;

Жалпы жиналыс өз жұмысында үзіліс жасау және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Жалпы жиналыстың күн тәртібінің жекелеген мәселелерін қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы;

Жалпы жиналыс күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралғаннан және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.

Жалпы жиналысты өткізудің өзге мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысымен және «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының «___» _____ шешімімен (№___/___ хаттама) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережемен айқындалған.

Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру қарастырылмайды.

Жалпы жиналыс «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының _____ баптарына сәйкес өткізіледі.


 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 23-беті

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерін Жалпы жиналыстың жұмысына қатысуға шақырамыз. Жалпы жиналысқа қатысу үшін акционер - жеке тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлғалар өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжатын ала келуі қажет.

Жалпы жиналысты өткізумен байланысты сұрақтарға жауаптарды _____ телефондары, e-mail: _____ арқылы алуға болады.

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлері болып табылатын тұлғалар немесе олардың уәкілетті өкілдері ғана Жалпы жиналысқа қатысу құқығына ие екеніне назар аударамыз. Акционерлер болып табылмайтын ілесіп жүретін тұлғалар, туыстар, балалар Жалпы жиналысқа қатыстырылмайды.

Түсіністік танытқаныңызға рақмет.



2-қосымша
(ұсынылатын)

Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданатын «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық/кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіні туралы ХАБАРЛАМА

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы («ҚазТрансОйл» АҚ атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы,

_____ (құжаттың деректемелері көрсетіледі) шешім/хат негізінде Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – Жалпы жиналыс) шақырылатыны туралы хабарлайды.

Жалпы жиналысты шақырудың бастамашысы _____.

Жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні – 20__ жылғы «__» _____.

Егер Жалпы жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға «ҚазТрансОйл» АҚ өзіне тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырған жағдайда, Жалпы жиналысқа қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл ретте жаңа акционер акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін толтырылған бюллетендерді ұсынудың басталу күні – 20__ жылғы «__» _____.

Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін толтырылған бюллетендерді ұсынудың аяқталу күні – 20__ жылғы «__» _____ сағ. __ мин. дейін.


Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні – 20__ жылғы «__» _____.

Жалпы жиналыстың күн тәртібі:

1. _____ (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
2. _____ (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
3. _____ (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).

Акционерлер Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен 20__ жылғы «__» _____ сағ. __ мин.

_____ мекенжайында, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ интернет-ресурсында – www.kaztransoil.kz таныса алады.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Ереже	ҚТО-Р99-Ереже-5.2	27 беттің 25-беті

Дауыс беруді өткізу тәртібі:

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционер - жеке тұлға (акционер - жеке тұлғаның өкілі) оның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді (жеке куәлігінің/паспортының нөмірін, берілген күнін, құжатты берген орган және жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсете отырып қол қоюы тиіс.

Акционер - заңды тұлғаның сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы (акционер - заңды тұлғаның өкілі) қол қоюға тиіс.


Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционердің өкілі қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционер өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Акционер - жеке тұлғаның не акционер - заңды тұлғаның басшысының немесе акционер - жеке тұлға өкілінің не акционер - заңды тұлға өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Дауыстарды санау кезінде акционер (акционердің өкілі) бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша берілген дауыстар ескеріледі.

Жалпы жиналыс «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының _____ баптарына сәйкес өткізіледі.

Жалпы жиналысты өткізумен байланысты сұрақтарға жауаптарды _____ телефондары, e-mail: _____ арқылы алуға болады.



3-қосымша
(ұсынылатын)

**«ҚазТрансОйл» АҚ акционерінің сырттай дауыс беруіне арналған
БЮЛЛЕТЕНЬ**

Толық атауы:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы

«ҚазТрансОйл» АҚ атқарушы органының орналасқан жері:

Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы:

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді берудің соңғы күні:

20__ жылғы «__» _____
__ сағ. __ мин. дейін

Акционерлердің жалпы жиналысының жабылу күні

20__ жылғы «__» _____

(Акционердің аты-жөні / акционер - заңды тұлғаның атауы)

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі:

1. _____ (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
2. _____ (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту мәселесі бойынша шешім қабылданады:

Акционерлердің жалпы жиналысының мынадай күн тәртібі бекітілсін:

1. _____ (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
2. _____ (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).



ЖАҚТАП ДАУЫС БЕРГЕНДЕР ҚАРСЫ ДАУЫС БЕРГЕНДЕР ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР

Дауыс беру тәртібі: дауыс беру нұсқасы дауыс беруші акционердің қолымен белгіленеді. Дауыс беруші акционердің қолымен дауыс берудің бір ғана нұсқасы белгіленген жағдайда, бюллетендегі дауыс ескеріледі.



«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесі бойынша ұсынылған материалдар негізінде шешім қабылданады:

1. _____.
2. _____.

ЖАҚТАП ДАУЫС БЕРГЕНДЕР ҚАРСЫ ДАУЫС БЕРГЕНДЕР ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР

Дауыс беру тәртібі: дауыс беру нұсқасы дауыс беруші акционердің қолымен белгіленеді. Дауыс беруші акционердің қолымен дауыс берудің бір ғана нұсқасы белгіленген жағдайда, бюллетендегі дауыс ескеріледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционер - жеке тұлға (акционер - жеке тұлғаның өкілі) оның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді (жеке куәлігінің/паспортының нөмірін, берілген күнін, құжатты берген орган және жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсете отырып қол қоюы тиіс.

Акционер - заңды тұлғаның сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы (акционер - заңды тұлғаның өкілі) қол қоюға тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционердің өкілі қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционер өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Акционер - жеке тұлғаның не акционер - заңды тұлғаның басшысының немесе акционер - жеке тұлға өкілінің не акционер - заңды тұлға өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Аты-жөні,

ҚОЛЫ

(жеке тұлға үшін – жеке куәлігінің/паспортының нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган және жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) көрсетілсін; заңды тұлға үшін – акционер -заңды тұлғаның атауы көрсетілсін).